

## Қаражал қаласы кенттерінің бюджет кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін есептеу тәртібін бекіту туралы

Қарағанды облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 17 қарашадағы № 110 қаулысы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 45-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы "Жалпы сипаттағы трансфертердің есеп-қисаптар әдістемесін бекіту туралы" № 139 бұйрығына сәйкес, Қаражал қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қаражал қаласы кенттерінің бюджет кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін есептеу тәртібі осы қаулының қосымшага сәйкес бекітілсін.

2. "Қаражал қаласының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қаражал қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаражал қаласының әкімі

Т. Досаев

Қаражал қаласы әкімдігінің  
2021 жылғы "17" қарашадағы  
№110 қаулысына  
қосымша

## Қаражал қаласы кенттерінің бюджет кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін есептеу тәртібі

### 1 тарау. Негізгі ережелер

1. Қаражал қаласы кенттерінің бюджет кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін есептеу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 45-бабына сәйкес әзірленді және Қаражал қаласы кенттерінің бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемін есептеу кезінде қолданылады.

### 2 тарау. Қаражал қаласы кенттерінің бюджет кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін айқындау

2. Кент бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін Бюджет кодексінің 45-бабының 9-тармағына сәйкес ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы айқындайтын тәртіппен ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы есептейді.

3. Жоспарлы кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансфертердің көлемдерін белгілеу үшін қала, кент, ауылдық округтер бюджеттері кірістерінің болжамын Бюджет кодексінің 45-бабының 9-1-тармағына сәйкес ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы сырғымалы негізде жыл сайын айқындайды.

4. Кенттердің бюджет шығындарының болжамды көлемі Бюджет кодексінің 56-1-бабында белгіленген функционалдық белгісі бойынша шығыстар бағыттарын ескере отырып, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша және бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың болжамды көлемінің сомасы ретінде есептеледі.

Бұл ретте тұрақты сипаты бар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік басқару функцияларын және мемлекеттің міндеттемелерін орындау жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін қамтамасыз етуге, сондай-ақ стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың мақсатына қол жеткізуге, нақты міндеттері мен іс-шараларын шешуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша шығындардың болжамды көлемі:

еңбекақы төлеуге, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге және тұрақты сипаттағы шығындар (бұдан әрі – ағымдағы шығындар);

материалдық-техникалық базаны нығайтуға тұрады.

### **3 тарау. Қаражал қаласының кент бюджеттерінің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін есептеу**

5. Ағымдағы шығындарды есептеу үшін жалпы қала кент бюджеттері бойынша ағымдағы шығындардың болжамды көлемі айқындалады.

6. Кент бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін айқындау кезінде есепке алынады:

1) қаланың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына және бюджеттік параметрлеріне сәйкес жоспарланған кезеңде тұтыну бағаларының индексіне ағымдағы шығындардың ұлғаюын ескере отырып, ағымдағы шығындардың жиынтық көлемі (еңбекақыны қоспағанда);

2) кент бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе қысқартуды көздейтін және жоспарланып отырған кезеңде қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасы Зандарының ережелері;

3) Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметі қауулылары, Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық

мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарының, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулыларының, орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарын бекіту бойынша тікелей құзыretі болған кезде олардың құрылымына ведомство кіретін, жергілікті бюджеттердің түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін және жоспарланып отырған кезенде қолданысқа енгізілетін мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілері;

4) бұрын ағымдағы нысаналы трансфертер есебінен қаржыландырылған тұрақты сипаттағы шығындар;

5) кент бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе қысқартуды көздейтін және жоспарланып отырған кезенде қолданысқа енгізілетін облыстық өкілді және атқарушы органдар шешімдерінің ережелері.

7. Кент бюджеттерінің ағымдағы шығындарының жиынтық болжамды көлемінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық үстемеақы төлеуге, материалдық көмек көрсетуге және мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне қосымша демалыстарға арналған қаражат алынып тасталады және кент бюджеттері бойынша ағымдағы шығындардың болжамды көлемі есептелгеннен кейін абсолюттік сомалар қосылады.

8. Кент бюджеттерінің ағымдағы шығындарының көлемін болжаудың есеп айрысу базасына жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың нақтыланған жоспарына сәйкес ағымдағы шығындардың көлемі қабылданады.

9. Кент бюджеттерінің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін есептеу осы Тәртіпке қосымшаға сәйкес мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын функционалдық кіші топтардың тізбесі, оларға көрсеткіштер мен коэффициенттердегі келтірілген көрсеткіштер мен коэффициенттерді ескере отырып жүзеге асырылатын мемлекеттік функциялардың функционалдық кіші топтар бөлінісінде жүргізіледі.

10. Жеке функционалдық кіші топ бойынша жекелеген кенттің шығындарының есебі мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P3_j^i = Z_j * \frac{\prod_j^i \cdot K_1^{ij} \cdot \dots \cdot K_n^{ij}}{\sum_{i=1}^n \prod_j^i \cdot K_1^{ij} \cdot \dots \cdot K_n^{ij}},$$

мұнда:

P3<sub>j</sub><sup>i</sup>

– і кент j-функционалдық кіші тобы бойынша ағымдағы есептік шығындары;

Зj –кент бюджеттеріне j-функционалдық кіші тобы бойынша ағымдағы шығындардың жиынтық болжамды көлемі;

$\Pi_j^i$

– і кент j-функционалдық кіші тобы бойынша мемлекеттік қызметтерді тұтынушылар саны;

$K_1^{ij} \dots K_n^{ij}$

– і кент j-ші функционалдық кіші топ бойынша орташа қалалық деңгейден мемлекеттік қызметтер көрсету құнындағы айырмашылықтарды негіздейтін объективті факторларды ескеретін коэффициенттер.

11. Ағымдағы шығындардың болжамды көлемін есептеу кезінде мемлекеттік қызметтерді көрсету құнындағы айырмашылықтарды негіздейтін объективті факторларды көрсететін мынадай коэффициенттер қолданылады:

1) Коныстандыру дисперсиялығының коэффициенті:

$$K_{\text{дисп}}^i = 1 + \frac{X_{\text{ал}}^i_{\text{кіш}}}{X_{\text{ал}}^i},$$

Мұнда:

$X_{\text{ал}}^i_{\text{кіш}}$  – халық саны 500 адамнан аз елді мекендерде тұратын і кенттердің халық санының болжамы;

$X_{\text{ал}}^i$  – і кенттердегі халықтың жалпы санының болжамы.

Коныстандыру дисперсиялығының коэффициенті елді мекенниң мөлшеріне тәуелсіз мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің белгілі бір жинағын, оның ішінде қосымша көлік және өзге де шығыстарды ескере отырып, қамтамасыз ету қажеттігіне негізделген

шығындардың орташа қалалық деңгейімен салыстырғандағы барынша жоғары деңгейін ескереді;

2) ауқым коэффициенті:

$$K_{\text{ауқым}}^i = 1 + \alpha \frac{\overline{X_{\text{ал}}} - X_{\text{ал}}^i}{X_{\text{ал}}^i},$$

мұнда:

$\alpha$

– кенттердің халқы санының орташа аудандық деңгейден ауытқуы есептелетін салмақ;

$\overline{X_{\text{ал}}}$

– бір кент халқының орташа санының болжамы;

$X_{\text{ал}}^i$  – i- кенттің халық санының болжамы;

Ауқым коэффициенті тұтынушылар санының өсуімен, бір тұтынушыға шаққандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған шығындар көлемінің төмендеуін көрсететін ауқымның тиімділігін ескереді;

3) ауылдық жердегі жұмысы үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті:

$$K_{\text{үсрj}}^i = 1 + 25\% \cdot \frac{X_{\text{ал}}^i_{\text{ауыл}}}{X_{\text{ал}}^i} \cdot \delta_j,$$

мұнда:

$X_{\text{алiaуыл}}^i$  – i- кент ауыл халқы санының болжамы;

$\delta_j$

– j-функционалдық кіші топ бойынша (барлық аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша жиынтық сомада) ағымдағы шығындардың жалпы көлеміндегі жалақының үлесі.

Ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті жекелеген функционалдық кіші топтар бойынша ауылдық жерлердегі жалақыға қосымша шығыстар қажеттілігін ескереді;

4) тығыздық коэффициенті:

$$K_{тығыз}^i = 1 + \beta \frac{\bar{p}}{p_i},$$

мұнда:

$\bar{p}$

- қала бойынша халықтың орташа тығыздығы;
- р<sub>i</sub> – i- кенттегі халықтың тығыздығы;

$\beta$

- кент халқының тығыздығының орташа аудандық деңгейден ауытқуы ескерілетін салмақ.

Тығыздық коэффициенті қала халқы тығыздығының төмендеуіне байланысты қала, кент, ауылдық округтер бюджеттерінің шығындарының үлғаюын ескереді;

5) жолдарды күтіп-ұстаяу коэффициенті:

$$K_{жол}^i = \frac{N_i}{\bar{N}},$$

мұнда:

N<sub>i</sub> -"Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 38) тармақшасына сәйкес бекітілетін жергілікті маңызы бар ұстaugа арналған қаржыландыру нормативі i-ші кенттерді.

$\bar{N}$

- қала бойынша автомобиль жолдарын күтіп-ұстайды қаржыландыру нормативі;

6) кедейлікті есепке алу коэффициенті (табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдардың үлесі негізінде):

$$K_{кедейл}^i = 1 + \frac{b_i}{100},$$

мұнда:

b<sub>i</sub> – i кенттердің жалпы халық саны ішінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі.

Кедейлікті есепке алу коэффициенті кент бюджеттерінің табысы ең тәменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халық ұлесінің өсуіне байланысты әлеуметтік көмек төлемдеріне шығындардың ұлғаюын ескереді;

7) жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті:

$$K_{жылыту}^i = 1 + \gamma \frac{d^i - \bar{d}}{\bar{d}},$$

мұнда:

$d^i$  –  $i$ - кенттердің жылыту маусымының кезеңі;

– кент бойынша жылыту маусымының орташа кезеңі;

$\gamma$

– кент бюджеттерінің ағымдағы шығындарының жалпы көлеміндегі жылытуға жұмсалатын шығындардың ұлесі.

Жылыту маусымының ұзақтығын есептеу коэффициенті қала өнірлері бюджеттерінің жылытуға жұмсайтын шығындарының облыстағы жылыту маусымының ұзақтығына байланысын ескереді.

12. Келесі екі жылдағы қалалық бюджеттердің ағымдағы шығындарының көлемін болжаудың есептік базасына тұтыну бағаларының индексін ескере отырып, үш жылдық кезеңдегі бірінші жылғы аудандық бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлемі қабылданады.

#### 4 тарау. Қаражал қаласының кент бюджеттерінің күрделі сипаттағы шығындарының болжамды көлемін есептеу

13. Күрделі сипаттағы шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың жалпы болжамды көлемі кенттердің ағымдағы шығындарын қаржыландырудың жалпы көлеміне пайыздық қатынасына сәйкес жылдар бойынша бөле отырып айқындалады.

Әрбір кенттер бойынша жеке күрделі сипаттағы шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың болжамды көлемін есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$КШ_i = k * ЕШ_i,$$

мұнда:

$KШ_i$  –  $i$  кенттердің күрделі сипаттағы есептік шығындары;

$ЕШ_i$  –  $i$  кенттердің ағымдағы есептік шығындары;

$k$  – күрделі сипаттағы шығындардың ағымдағы шығындардың жалпы көлеміне пайыздық қатынасының шамасы.

Кент бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансфертердің көлемін айқындау үшін коэффициентінің шамасы аудандық бюджет комиссиясының шешімімен белгіленеді.

## **5 тарау. Қаражал қаласының кент бюджеттерінің бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың болжамды көлемін есептеу**

14. Бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың болжамды көлемі кенттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлеміне және кірістерінің болжамды көлеміне пайыздық қатынаста жылдар бөлінісінде айқындалады.

Бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың жалпы болжамды көлемін есептеу әрбір кент бойынша жеке мына формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{БДБШ}_i = (r1 * \text{ЕШ}_i) + (r2 * \text{КБК}_i),$$

мұнда:

$\text{БДБШ}_i$  –  $i$  кенттердің бюджеттік даму бағдарламалары бойынша есептік шығындары;

$\text{ЕШ}_i$  –  $i$  кенттердің ағымдағы есептік шығындары;

$\text{КБК}_i$  –  $i$  кент кірістерінің болжамды көлемі;

$r1$  – бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың ағымдағы шығындардың жалпы көлеміне пайыздық қатынасының шамасы;

$r2$  – бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың кент, ауылдық бюджеттерінің кірістерінің болжамды көлеміне пайыздық қатынасының шамасы.

15.  $r1$  және  $r2$  коэффициентерінің шамасы қалалық бюджет пен кент, ауылдық бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансфертердің көлемін айқындау үшін аудандық бюджет комиссиясының шешімімен белгіленеді.

Қаражал қаласы кенттерінің бюджет  
кірістері  
мен шығындарының болжамды көлемдерін  
есептеу тәртібінің қосымшасы

## **Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын функционалдық кіші топтардың, олардың көрсеткіштері мен коэффициенттерінің тізбесі**

Функционалдық кіші топтардың атауы	Көрсеткіштер	Коэффициенттер
1	2	3
1. Жалпы сипаттағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер		
Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын		қоныстандыру дисперсиялығы;
	Тұракты халық саны	

орындастын өкілетті, атқарушы және басқа да органдар		тығыздық; ауқым; жылдыту маусымының ұзақтығы
<b>5. Денсаулық сақтау</b>		
Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер		тығыздық; жылдыту маусымының ұзақтығы
<b>6. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</b>		
Әлеуметтік көмек	Тұрақты халық саны	қоныстандыру дисперсиялығы; кедейлік (табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдар үлесінің негізінде); ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақы; жылдыту маусымының ұзақтығы
<b>7. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы</b>		
Тұрғын үй шаруашылығы	Тұрғын үй қорының жалпы ауданы (мың шаршы метр)	жылдыту маусымының ұзақтығы
Коммуналдық шаруашылық	Тұрақты халық саны	тығыздық; жылдыту маусымының ұзақтығы
Елді мекендерді көркейту		тығыздық; жылдыту маусымының ұзақтығы
<b>8. Мәдениет, спорт, туризм және акпараттық кеңістік</b>		
Мәдениет саласындағы қызмет	Тұрақты халық саны	ауқым; ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақы; жылдыту маусымының ұзақтығы
Спорт		ауқым; ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақы; жылдыту маусымының ұзақтығы
<b>12. Көлік және коммуникация</b>		
Автомобиль көлігі	Жергілікті маңызы бар автожолдардың, оның ішінде елді мекендер мен көшелер ішіндегі автожолдар ұзындығы (километр)	жолдарды күтіп-ұстау; жылдыту маусымының ұзақтығы
<b>13. Басқалар</b>		
Басқалар	Тұрақты халық саны	жылдыту маусымының ұзақтығы